

*15 ақпан*

**§40.Туристік объектілері.Сыртқы  
экономикалық байланыстары**

## *Мақсаты:*

*АҚШ-тары бөлімін қайталап,  
алған білімдерді толықтыру.  
Оқушылардың танымдық –  
тапқырлық дағдысын  
жетілдіру*



Қазіргі кезде халықаралық туризм әлемдік экономиканың маңызды буынына айналды. Шетелден келетін туристер саны жөнінен АҚШ дүниежүзінде алдыңғы орында. Жылына мұнда 50-млн-нан астам шетелдік туристер келеді. Туризм дамуына қолайлы табиғат жағдайлары мен айырықша табиғи объектілері, ескерткіштер көптеп кездеседі.



- **Йеллоустон ұлттық паркінің ауданы- 900 000 гектар, 1872жылы ұйымдастырылған. Ол Вайоминг штатында орналасқан. Бұнда Солтүстік Американың ең ірі өзендері орналасқан: Снейк, Миссури, Йеллоустон. Олар Йеллоустон көлінен бастау алады. Бұл көл Орталық жазық. Ұлттық паркте табиғаттың 10000-ға жуық геотермалды гейзерлері бар.**





- Колорадо үстіртінде орналасқан Колорадо каньоны әлемдегі ғажайып табиғат ескерткіші болып табылады.



- АҚШ пен Канада шекарасындағы Онтарио және Эри көлдері аралығында орналасқан Ниагара сарқырамасы. Жергілікті үндістер тілінде сарқырама атауы «Күркірек су» дегенді білдіреді.








Флориданың оңтүстік шығысында орналасқан  
Майами қаласы дүниежүзіне әйгілі курорт





- Тау туризмі жоғары дамыған. Басты аудандары – Сеңгір таулардағы штаттар. Таудағы демалыс орындарында мыңдаған адам өз демалысын өткізеді, қысқы спорт түрлерінен жарыстар өткізіледі. Мысалы, Үлкен Тұзды көл маңындағы Солт-Лейк – Сити қаласында 2002 жылғы қысқы олимпиадалық ойындар өтті.





- Америкадағы экономикалық интеграция процестері Екінші дүниежүзілік соғыстан соң ғана дами бастады. Бұл АҚШ-тағы жеке компаниялар қаржысының Канада экономикасына салынуынан басталды. XX ғасырдың 40-80 жылдарында АҚШ пен Канаданы біріктіретін біртұтас шаруашылық кешені қалыптасты. 1960 жылдары өндіріс салалары ауыл шаруашылығы машиналарын және автомобиль жасау, әскери техника өндірісі дами бастады.



- 1994 жылы 1 қаңтарынан бастап Солтүстік Америкалық еркін сауда аймағын құру туралы келісім (НАФТА ) өз күшіне енді. Оған:
- АҚШ
- Канада
- Мексика



- *1995 жылы Америкадағы бірқатар мемлекет басшылары 2005 жылдан бастап Батыс жарты шардағы еркін сауда аймағын құру туралы келісімге қол қойылды. АҚШ-тың дүниежүзілік нарықтағы басты бәсекелесі еуропалық елдер болғанымен, бұл елдермен сыртқы экономикалық байланыс даму үстінде. Мысалы, АҚШ-тағы аса ірі «Форд», «Дженерал моторс», «Боинг», «Кока-кола» және т.б. компаниялардың Еуропа елдерінде ондаған кәсіпорындары бар.*






Қазақстанда АҚШ-пен бірлескен  
кәсіпорындарының жалпы саны-547.




- Екі ел арасындағы сауда айналымы 2009 жылы 2 млрд АҚШ долларын құрады. Соңғы жылдары ғарыштық зерттеулер саласында АҚШ, Ресей, Қазақстан ғалымдары бірлескен ғылыми-зерттеу бағдарламалары жүзеге асырылуда. АҚШ ақпараттық технологиялар, ғылым мен білім саласында дүниежүзі елдерімен байланыс жасайды.



**I топ**

**II топ**

**III топ**



1-ші кезең:

“Сен білесің бе?” 10 сұрақ, әр жауапқа 10 ұпай.

2-ші кезең:

“Сандар да сөйлейді” сандардың мәнін ашу, 10 ұпай.

3-ші кезең:

“Кім жылдам?” кескін картамен жұмыс 20 ұпай

4-ші кезең:

“Сен қалай ойлайсың?” ой толғау сұрақтары 20 ұпай

5-ші кезең:

“Қатесін тап” Берілген сөйлемдерден қатесін тап Әр жауапқа 10 ұпай.

# 1-кезең сұрақтары:

- 1-сұрақ: АҚШ жалауындағы ала жолақтар қандай мағына береді?
- 2-сұрақ: АҚШ-тың ірі ұлттық паркі?
- 3-сұрақ: АҚШ-тағы мұнайдың ірі орындарының бірі?
- 4-сұрақ: АҚШ-тағы «мемлекет ішіндегі мемлекет» атына ие болған штаты
- 5-сұрақ: АҚШ-тың ұлт шеберханасына айналған өнеркәсіпті ауданы
- 6-сұрақ: Бостоннан Вашингтонға дейін созылып жатқан мегалополис
- 7-сұрақ: АҚШ-тың ақша бірлігі
- 8-сұрақ: АҚШ –да президент қанша жылға сайланады?
- 9-сұрақ: АҚШ-тың ядролық полигон штаты
- 10-сұрақ: АҚШ-тың астанасы
- 11-сұрақ: АҚШ-тың қай штаты «автомобиль штаты» деп аталады?
- 12-сұрақ: АҚШ-тың ең ірі өнеркәсіпті ауданы?
- 13-сұрақ: АҚШ-тың жас экономикалық макроауданы?
- 14-сұрақ: АҚШ-тың бірінші президенті?
- 15-сұрақ: АҚШ-ты бір ұлтты ел ма әлде көпұлтты ел ма?

- Мемлекеттік біріккен алғашқы штаттар
  - Йеллоустон
    - Аляска
  - Калифорния
- Солтүстік-шығыс
  - Босваш
- Америка доллары
  - 4 жыл
  - Невада
  - Вашингтон
  - Мичиган
  - Нью-Йорк
  - Батыс
- Дж.Вашингтон
  - Көпұлтты

2-ші кезең :

*Сандар да сөйлейді*

**1-топ:** 9 млн, 1776 жыл, 15 мыңнан аса, 4 ,125

қала, 1955 жыл

**2-топ:** 309,6 млн, 50, 4 шілде. 1955 жылы, 11 қыркүйек, 4 жыл

**3-топ:** 1776 жыл, 125 қала, 2001 жыл, 9 млн, 4 жыл, 13 қызыл

- **9 млн** – АҚШ жерінің ауданы
- **309,6 млн** – Халқының саны
- **1776жыл**-Тәуелсіз ел болған жыл
- **4шілде**- тәуелсіздік күні
- **15 мыңнан аса** –әуежай бар
- **50**- штат саны
- **4**- экономикалық аудан
- **125 қала**- автомобиль шығаратын қала саны
- **1955 жыл**-Диснейленд ашылды
- **2001 жыл 11 қыркүйек** –Нью- Йорк қаласында аса ірі террорлық әрекет болды
- **13 қызыл**- алғашқы біріккен штаттар саны
- **4 жыл**-АҚШ президенттері сайланатын мерзімі



3-ші кезең

## “Кім жылдам”

- КАЛИФОРНИЯ
- ВАШИНГТОН
  - НИАГАРА
  - АЛЯСКА
  - ФЛОРИДА
- НЬЮ-ЙОРК
- ҰЛЫ КӨЛДЕР
  - КАНАДА
  - МЕКСИКА
  - АТЛАНТ



**4-ші кезең: Сен қалай  
ойлайсың**

**I топ**

**Қазақстан мен АҚШ арасындағы қарым-қатынастардың болашағы қандай?**

**II топ**



АҚШ-тың даму сатысы дұрыс  
деңгейде келе жатыр ма?  
қалай ойлайсың?



III топ

АҚШ-тың даму деңгейіне Қазақстан жетеді деп ойлайсың ба, өз мысалдарыңмен дәлелде?

## 5-кезең: Қатесін тап

- АҚШ-тың астанасы Калифорния қаласы. АҚШ-тың Чикаго мен Питсбург аралығындағы Көл маңы мегалополисін Сан-Сан деп атайды. АҚШ-тың президенті 4 жылға сайланады. АҚШ-тың автомобиль астанасы-Мичиган. АҚШ-та 50 ұлттық саябақ бар. АҚШ-ты бірұлтты мемлекет. АҚШ-ты өнеркәсіп өндірісінің көлемі жағынан дүниежүзінде соңғы орында.

Үй

**Тапсырмасы :**

АМЕРИКА ҚҰРАМА  
ШТАТТАРЫН  
ҚАЙТАЛАУ ЖӘНЕ  
МӘНЖАЗБА  
ДАЙЫНДАП КЕЛУ.